

МКҚК № 11 «Аружан» б/б

«Су - өмірдің нәрі»

**Іс-әрекеттерде Монтессори әдістемесі
бойынша су ойындарын пайдалану.**

Тәрбиеші Байсапарова Г.А.

Шымкент

Білім саласы: *«Таным».*

Білім бөлімі: *Қоршаған ортамен таныстыру.*

Тақырыбы: *«Су - өмір нәрі»*

Мақсаты: *Су және оның маңызы туралы білімдерін тереңдету.
Су – тіршілік көзі екенін, пайдасы, маңызы, қасиеті туралы білімдерін кенейту.
Тәжірибе жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу.*

Көрнекі құралдар: су, сүт, екі стакан (шыны ыдыс), тұз, қант, түтікше т.б.

Билингвистикалық компонент: су – вода, мөлдір – прозрачный,

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	«Шаттық» шеңбері Мақсаты: балаларды ауызбіршілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	Табиғат – ол анамыз Табиғатқа баламыз Сәлем саған жер Ана Сәлем саған нұрлы Күн Аман-есен болайық Бейбітшілік қалайық!
Ізденімпаздық Ұйымдастырушылық	- Балалар, адамдар суды не үшін пайдаланады? - Жануарларға, өсімдіктерге не үшін қажет? - Балалар, олай болса суға тәжірибе жасап көрейік.	Суды ішеміз, тамақ істейміз, жуынамыз, кір жуамыз. Жануарлар мен өсімдікте де сусыз өмір сүре амайды
I. тәжірибе: «Су – мөлдір»	Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан қасық көрінетінін, қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Суы бар ыдыстан қасықты көруге	Тәжірибе барысында суды мөлдір екенін көреді. Бояу қосқанда түсі өзгеретінін байқайды.

II. тәжірибе: «Суда дәм жоқ»	болады, ал сүт құйылған ыдыстан қасық көрінбейді. Нәтиже «<i>Су мөлдір, ал сүт мөлдір емес</i>» Балалар суға бояу қосып түсін өзгертуге болатынын да тәжірибе жүзінде біледі. Балалар түтікше арқылы су ішіп көреді. Онда дәм бар ма? Оларға салыстыру үшін сүт немесе шырынды ішіп көрулеріне болады. Суға тұз немесе қант қосып, дәмін өзгертуге болады. Ал, теңіз суы тұзды, өйткені онда әр түрлі тұздар өте көп. Оны адамдар іше алмайды.	Суда дәм жоқекенін білед
III. тәжірибе: «Судың иісі жоқ»	Балаларға суды иіскетіп көрсетеді. Судың иісінің жоқ екенін сезінгенше қайталап иіскету қажет. - Балалар, судың иісі бар, керемет деп айтуы мүмкін. Кейбір суда иіс болуы мүмкін, өйткені адамдардың денсаулығының қауіпсіздігі үшін арнайы тазартқыш қоспалар қосылады.	Судың иіссіз екенін білед
Сегіту сәті:	Ал, балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Су ішінде қалықтап, Кәне жүзіп алайық. Оңға, солға бір қарап Денемізді бұрайық	Өлең мазмұнана сай қимылдар жасап орындайды.
Рефлексивті коррекциялаушы	Сұрақтар қоя отырып, судың қасиеттері туралы өткен іс-әрекетті қорыту. Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біз не білдік?

- су – түссіз, бояу қоқанда түсін өзгертеді;
- су дәмсіз, бірақ қант пен тұз қосқанда дәмін өзгертеді.
- Судың пішіні болмайды